

## Ақкөл қаласының көшелеріне атау беру және қайта атау туралы

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № С 8-6 шешімі және Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № Ә-12/384 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 қаңтарда № 5696 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағы 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 5-1) тармағына сәйкес, қала халқының пікірін ескере отырып, Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ақкөл қаласының көшелері:

50 лет Октября көшесі - Балуан Шолақ көшесіне;

Казарма 385 шақырым көшесі - Темір жол көшесіне;

Цурюпин көшесі – Көктал көшесіне қайта аталсын.

2. Ақкөл қаласының атауы жоқ көшелері мен ықшам ауданына келесі атаулар берілсін:

Тубгородок ауданындағы жаңа ықшам ауданына - Астана шағын ауданы;

Телемұнара ауданындағы атауы жоқ көшесіне – Өрлеу көшесі;

Ж. Бектұров көшесінің ар жағында орналасқан атауы жоқ көшелерге - Жаңа ел көшесі, Жерұйық көшесі, Құрылыс көшесі;

Пушкин көшесінің бас жағындағы атауы жоқ көшеге – Шаңырақ көшесі;

Заготконтора ауданындағы атауы жоқ көшесіне – Оңтүстік көшесі;

Комсомольская - М. Мәметова көшелері арасындағы атауы жоқ көшеге - Ұлы көш көшесі.

3. Осы бірлескен шешім және қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақкөл аудандық мәслихат  
сессиясының  
төрағасы*

*Ақкөл ауданы әкімі*

*Н.Пигнастеев*

*Т.Едігенов*

*Ақкөл аудандық  
мәслихатының  
хатшысы*

*Ж.Салыбекова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК